



Астана қаласы бойынша бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды, оларды пайдалану тәртібін, олардың шекті толу нормаларын, оларды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды, пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекараларын айқындау туралы

Астана қаласы мәслихатының 2023 жылғы 26 желтоқсандағы № 133/16-VIII шешімі. Астана қаласының Әділет департаментінде 2023 жылғы 29 желтоқсанда № 1368-01 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8 бабының 2-тармағына сәйкес, Астана қаласының мәслихаты ШЕШТІ:

1. Осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес Астана қаласында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындар және олардың шекті толу нормалары;

осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар;

осы шешімнің 3-қосымшасына сәйкес арнайы орындарды пайдалану тәртібі;

осы шешімнің 4-қосымшасына сәйкес Астана қаласында пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекаралары айқындалсын.

2. "Нұр-Сұлтан қаласында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды анықтау туралы" Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2020 жылғы 30 маусымдағы № 512/68-VI шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1275 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. Аталған шешім оның бірінші ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткесін күшіне енеді.

Астана қаласы мәслихатының төрағасы

E. Каналимов

Астана қаласы мәслихатының

2023 жылғы 26 желтоқсандағы

№ 133/16-VIII шешімі

№ 1-қосымша

**Астана қаласында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындар және олардың шекті толу нормалары**

P/c №	Арнайы орын атапу	Материалдық-техникалық жарықтандырылуы	Шекті толу саны
	III. Құдайбердіұлы даңғылы мен А. Пушкин	Жер участесінің аумағы – 4380 ш.м; көше жарығы; электр энергиясын косу нүктесі;	

1.	көшесі киылсындағы шағынбақ	бейнебақылау және бейнежазба камералары; 35 тұрақ орны (1 кіру, 1 шығу)	1000 адам
2.	"Столичный" циркі ғимаратының жанындағы алаң	Жер участкесінің аумағы – 2064 ш.м; көше жарығы; электр энергиясын қосу нүктесі; 60 тұрақ орны (1 кіру, 1 шығу). бейнебақылау және бейнежазба камералары;	1000 адам
3.	Сарыарқа даңғылындағы саябақтың шығыс бөлігі	Жер участкесінің аумағы – 3500 ш.м; көше жарығы; электр энергиясын қосу нүктесі; бейнебақылау және бейнежазба камералары;	300 адам
4.	"Генерал И. Панфилов және 28 панфиловшылар батырлары" ескерткішінің жанында "Жерүйік" саябағы желекжолынан солтүстік-шығыс бөлігі	Жер участкесінің аумағы – 2000 ш.м. көше жарығы; электр энергиясын қосу нүктесі; бейнебақылау және бейнежазба камералары;	200 адам
5.	Жазушылар аллеясынан (Абая даңғылы – Ә. Сембинов көшесі) бастап шағынбаққа (Ш. Құдайбердіұлы даңғылы – А. Пушкин көшесі) дейін	Бағыт ұзындығы 2055 м. құрайды; көше бойында көше жарықтары бар; бейнебақылау және бейнежазба камералары	1000 адам

Астана қаласы мәслихатының

2023 жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_\_ шешімі

№ 2-қосымша

## Астана қаласында арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастыруышылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар

1. Ұйымдастыруши немесе ұйымдастыруышының өкілдері бейбіт жиналыстарды өткізу кезінде дыбыс-бейне жазу техникасын, сондай-ақ бейне және фототүсірілім жасауға арналған техниканы пайдалануға құқылды.

2. Бейбіт жиналыстар өткізуді материалдық-техникалық және ұйымдастыруышылық қамтамасыз етуді оларды ұйымдастыруши мен оларға қатысушылар өз қаражаты есебінен, сондай-ақ осы бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жиналған және (немесе) берілген қаражат пен мүлік есебінен жүзеге асырады.

## **Астана қаласында арнайы орындарды пайдалану тәртібі**

1. Осы Астана қаласындағы арнайы орындарды пайдалану тәртібі (бұдан әрі – тәртіп) "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді.

2. Тәртіп келесі ұйымдарды пайдаланады:

1) бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орын – Астана қаласының мәслихаты бейбіт жиналыстар өткізу үшін айқындаған жалпыға ортақ пайдаланылатын орын немесе жүру бағдары;

2) бейбіт жиналыс – сипатына қарай бейбіт, күш қолданылмайтын және қаруланбайтын, мемлекеттік қауіпсіздік, қоғамдық тәртіп, денсаулық сақтау, халықтың имандылығын, басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мүдделеріне қатер төндірмейтін, Қазақстан Республикасының азаматтары жиналыс, митинг пен демонстрация, шеру мен пикеттеу нысанында өткізетін жария іс-шара;

3) шеру – қоғамдық маңызы бар мәселелер және (немесе) адамдардың және (немесе) органдардың, ұйымдардың әрекеттері (әрекетсіздігі) бойынша пікірін жария білдіру мақсатында Қазақстан Республикасы азаматының немесе азаматтары тобының көлік құралдарын пайдаланбай белгілі бір уақытта, белгілі бір маршрут бойынша жүріп өтуі, бұл дыбыс күшейткіш техникалық құралдар, плакаттар, транспаранттар және өзге де көрнекі үгіттеу құралдары пайдаланыла отырып немесе онсыз, талаптар қойыла отырып немесе онсыз жүзеге асырылады;

4) пикеттеу – қоғамдық маңызы бар мәселелер және (немесе) адамдардың және (немесе) органдардың, ұйымдардың әрекеттері (әрекетсіздігі) бойынша пікірін жария білдіру мақсатында Қазақстан Республикасының бір азаматының белгілі бір жерде, белгілі бір уақытта болуы, бұл қозғалыссыз және дыбыс күшейткіш техникалық құралдар пайдаланылмай, плакаттар, транспаранттар және өзге де көрнекі үгіттеу құралдары пайдаланыла отырып немесе онсыз жүзеге асырылады.

3. "Астана қаласының Ішкі саясат басқармасы" мемлекеттік мекемесінің өкілі хабарлама/өтініш бойынша оң шешім қабылданған кезде, бейбіт жиналыстың/шерудің ұйымдастырушысымен бірлесіп, бір күн бұрын іс-шараны өткізу ережесін мынадай мәселелер бойынша келісу үшін арнайы орынға барады:

1) периметрі және өткізу орнының материалдық-техникалық сипаттамасымен танысу мен анықтау;

2) "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген бейбіт жиналыстарды

өткізу кезінде дыбыс деңгейімен дыбысты күшеттің техникалық құралдарды, плакаттарды, транспаранттар мен көрнекі үгіттеу құралдарын, сондай-ақ көлік құралдарын пайдалануға;

3) бейбіт жиналыстар өткізу кезінде аудиовизуалды техника құралдарын пайдалану, сондай-ақ бейне және фототүсірілім жасау;

4) жазушылар аллеясынан (Абай даң. – Э. Сембинов көш.) бастап шағынбаққа (III. Құдайбердіұлы даң. – А. Пушкин көш.) дейінгі шеру бағытымен танысу.

4. Бейбіт жиналыс өткізу күні ұйымдастыруши және оған қатысушылар:

1) өтініште көрсетілген мерзім аралығында арнайы орынның аумағында орналасады;

2) ғимараттардың, орын-жайлардың, шағын сәулет нысандарының, жасыл екпелердің, сондай-ақ өзге де мұліктің сақталуын қамтамасыз етеді;

3) санитарлық нормалар мен қауіпсіздік ережелерін сақтап, Қазақстан Республикасының қоғамдық тәртіпті сақтау туралы заңнамасын сақтайды;

4) "Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыруышының айырым белгісінің нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2020 жылғы 13 тамызы № 278 бүйрекіне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21104 болып тіркелген) сәйкес бейбіт жиналыстарды ұйымдастырушылар айырым белгісін тағып жүреді.

5. Дәл сол бір жерде және (немесе) дәл сол бір журу маршруты бойынша не дәл сол бір уақытта бейбіт жиналыс өткізуге бір мезгілде бірнеше бейбіт жиналыстарды ұйымдастыруши үміткер болған жағдайда, көрсетілген орынды пайдалану кезектілігін жергілікті атқарушы орган бейбіт жиналыстарды ұйымдастыруышыдан тиісті хабарламаны немесе өтінішті алған уақытын негізге ала отырып айқындайды.

---

Астана қаласы мәслихатының

2023 жылғы " " \_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_\_ шешімі

№ 4-қосымша

### **Астана қаласында пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекаралары**

Астана қаласының келесі объектілерінің іргелес аумақтарынан кемінде 800 метр қашықтықта пикеттеуді өткізу шекарасы айқындалсын:

жаппай жерлеу орындарында;

теміржол, су, әуе және автомобиль көлігі объектілерінде және оларға іргелес жатқан аумақтарда;

мемлекеттің қорғаныс қабілетін, қауіпсіздігін және халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін ұйымдарға іргелес жатқан аумақтарда;

Қазақстан Республикасы Президентінің резиденцияларына іргелес жатқан аумақтарда;

қауіпті өндірістік объектілерге және пайдалануы арнайы қауіпсіздік техникасы қағидаларын сақтауды талап ететін өзге де объектілерге іргелес жатқан аумақтарда; магистральдық теміржол желілерінде, магистральдық құбыржолдарда, ұлттық электр желісінде, магистральдық байланыс желілерінде және оларға іргелес жатқан аумақтарда өткізуге тыйым салынады.

---

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК